

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің

№1 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы.

02.09.2024 ж.

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

1. Ж.С.Шалабаева - аға оқытушы;

Комиссия мүшелері:

2. Б.Ш.Баешова - ф.ғ.к., доцент;

3. Г.Ж.Примкулова - т.ғ.к., доцент;

4. Қ.Кабекеуева - PhD, аға оқытушы;

5. А.Қ.Рысбекова - п.ғ.к., аға оқытушы;

6. Ә.Жумадуллаева - т.ғ.к., доцент;

7. А.Тасова - PhD, аға оқытушы;

8. М.Султанбек - PhD, аға оқытушы;

9. С.У.Паштанов - аға оқытушы;

10. М.Байболов - PhD, аға оқытушы;

11. Ж.Ақтайқызы – ГНК-411 магистранты;

12. Қ.Арманқызы – ГПП-311 студенті;

13. А.Қиянбекова-Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің әдіскері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Комиссияның 2024-2025 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыныс (Баяндамашы: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы: Ж.Шалабаева).

2. ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу; (Баяндамашылар: кафедра меңгерушілері).

3. Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсатты мерзімінде Даму жоспарларындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау. (Баяндамашы: факультет деканы).

4. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау. (Баяндамашы: Факультет деканы).

5. Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы: Ж.Шалабаева сөз алып: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының құрамын таныстырып, мәжілістің күн тәртібін бекітіп алды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының 2024-2025 оқу жылына жоспарын комиссия мүшелеріне таныстырып, талқылауға ұсынды. Талқылау нәтижесінде оқу үдерісінің барысында қажетті іске асырылатын ағымдық жұмыстар қарастырылғанын айта келе, 2024-2025 оқу жылына жоспарын төмендегідей бекітуге ұсынды:

№	Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау туралы белгі
1	1 Комиссияның 2024-2025 оқу жылына жоспарын бекітуге ұсыныс	2024 жыл, (қыркүйек –қазан)	Комиссия мүшелері	Бекітілген жоспар
	2 ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, 5-қосымша
	3 Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсатты мерзімінде Даму жоспарларындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, 1-қосымша
	4 ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау		Комиссия мүшелері	Хаттама, шешімдер, ұсыныстар

	5	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама
2	1	Білім алушылардың ББ оқыту нәтижелеріне жетуін қамтамасыз етілуіне мониторинг жүргізу	2024 жыл (қараша-желтоқсан)	Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	2	ББ пәндерінің оқу әдебиеттерінің дидактикалық-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік оқу құралдарымен қамтамасыз етілуін қадағалау		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, 1-қосымша
	3	ББ іске асыратын факультеттің, кафедралардың тарихы және жалпы ақпараттары, ғылыми және инновациялар, ынтымақтастық, студенттік өмір туралы негізгі ақпараттар университет сайтында орналастырылуын, оларды мерзімді жаңартылуын қадағалау		Комиссия төрағасы комиссия мүшелері, шақырылған университет қызметкерлері	Хаттама, шешімдер, ұсыныстар
	4	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама
3	1	Аралық аттестаттау нәтижелеріне мониторинг жүргізу және сауалнамалар жүргізу	2025 жыл, (қаңтар-наурыз)	Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары
	2	ББ білім алушыларының контингентін қалыптастыру, талапкерге кәсіби бағдар беру іс-шараларының нәтижелерін талдау, жетілдіру		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	3	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама
	4				
4	1	Факультет, кафедралардың жылдық есептерімен дайындық актілеріне мониторинг жасау, есеп дайындау	2025 жыл, (сәуір-маусым)	Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, есептер
	2	ББ оқу-танымдық, кәсіби, зерттеу, педагогикалық, диплом алды т.б практикаларың бекітілген талаптарға сәйкес ұйымдастырылуын қадағалау		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, 11-қосымша
	3	Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссияның келесі оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.		Комиссия мүшелері	Тексеру материалдары, кестелер, есептер
	4	Әртүрлі мәселелер		Комиссия мүшелері	Хаттама

ШЕШІМ:

1. Жаңа оқу жылына арналған факультеттің Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясының 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін. *(Жауапты: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы)*

2. Күн тәртібінің екінші сұрағы «ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу мәселесі бойынша» бойынша сөз кезегін алған факультеттің сапа төрағасы С.Паштанов Сапаны қамтамасыз ету комиссиясының жоспарына сәйкес факультетке қатысты «Педагогика және психология», «Тарих», «Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру», «Журналистика» кафедраларында бакалавр, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары негізінде Оқытушы-профессорлар құрамының ББ біліктілік талаптарға сәйкес 8-қосымша бойынша мониторинг жүргізілгендігін айтып өтті.

«Тарих» кафедрасының меңгерушісі т.ғ.к., доцент Г.Ж.Примкулова ОПҚ біліктілікті инклюзивті білім беру курсынан университет базасында өткенін, сондай-ақ кафедраларда біліктілік жетілдірудің 2024-2025 оқу жылына жылдық және перспективалық жоспарлары дайындалып, соның негізінде әрбір үш жылда ПОҚ-тың бағытқа сәйкес біліктілік курстарынан өтіп отырғанын айтып өтті.

«Мектепке дейінгі және бастауышта білім беру» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., аға оқытушы А.Қ.Рысбекова сөз алып: 8-қосымшаға сәйкес ОПҚ біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында мониторинг жүргізілді. 2024-2025 оқу жылына мерзімі аяқталған сертификаттар бойынша профессор оқытушы құрамына біліктілік арттыру курстары қайта жоспарланып бекітілді.

«Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, - PhD, аға оқытушы А.Тасова сөз алып: кафедраларда біліктілік жетілдірудің 2024-2025 оқу жылына перспективалық жоспарлары дайындалып, бағытқа сәйкес біліктілік курстарынан өтіп отырғанын атап өтті.

«Журналистика» кафедрасының меңгерушісі, ф.ғ.к., аға оқытушы Ә.Т.Бельдибекова: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне қарасты Үздіксіз білім беру орталығында «Инклюзивті білім беру» және «Үдерісті ұйымдастыру» курсы бойынша кафедра профессор оқытушы құрамының біліктілік курсынан өтуі қайта жоспарланып отырғанын, Жасанды интеллект жүйелерінің қолдану салалары бойынша

білім беру курсынан универсиет базасында өткенін, кафедрадағы оқытылатын пәндері бойынша әр оқытушы дербес өткенін айтып өтті.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрағасы Ж.Шалабаева біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау мақсатында факультетке қатысты барлық кафедраға тексеру жүргізілгенін, сондай-ақ кафедраларда біліктілік жетілдірудің 2024-2025 оқу жылына перспективалық жоспарлары дайындалғанын айтып өтті.

ШЕШІМ:

2.1. ББ біліктілік талаптарына сәйкестігіне мониторинг жүргізу негізінде 2024-2025 оқу жылына жоспарланған перспективалық жоспарлары бекітілсін *(Жауапты: кафедра меңгерушілері)*.

2.2. Бағыттар бойынша мерзімі біткен біліктілік сертификаттары жаңартылсын *(Жауапты: кафедра меңгерушілері)*.

2.3. Факультет ПОҚ-ның «Инклюзивті білім беру» және «Жасанды интеллект» біліктілік курстарынан өту жоспарлансын *(Жауапты: кафедра меңгерушілері)*.

3. Күн тәртібіндегі «Факультеттің және құрамындағы кафедралардың ағымдағы оқу жылына Сапа саласындағы мақсатты мерзімінде Даму жоспарларындағы индикаторлық көрсеткіштерге сәйкес жоспарланғанын қадағалау» сұрағы бойынша факультет деканы А.Куралбаева сөз алып: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы негізінде жасалған факультеттің даму бағдарламасы бойынша факультеттің және кафедралардың сапа бойынша мақсаттары мен индикативтік жоспарларын бекіту қажеттігіне тоқталып өтті. Факультеттің даму бағдарламасында жоспарланған индикаторларды факультетке қарасты 4 кафедраның ПОҚ ғылыми потенциалын есепке ала отырып, бөлуді Сапа төрағасы С.Папшановқа тапсырды. Бекітілген индикативтік жоспардағы индикаторлардың орындалуын қадағалау кафедра меңгерушілері мен ғылым жөніндегі декан орынбасарына тапсырылды.

ШЕШІМ:

3.1. Факультеттің даму бағдарламасы бойынша факультеттің және кафедралардың сапа бойынша мақсаттары мен индикативтік жоспарлары бекітілсін *(Жауапты: кафедра меңгерушілері, Сапа төрағасы С.Папшанов)*.

3.2. Индикаторларды жоспарлауда ПОҚ ғылыми потенциалын есепке алынсын *(Жауапты: кафедра меңгерушілері, Сапа төрағасы С.Папшанов)*.

3.3. Жоспардағы индикаторлардың орындалуын қадағалау кафедра меңгерушілері мен ғылым жөніндегі декан орынбасарына жүктелсін *(Жауапты: Факультет деканы)*.

4. Күн тәртібіндегі «ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесін бақылау» мәселесі бойынша факультет деканы, PhD, доцент А.Куралбаева сөз алып: Факультетке қарасты барлық бітіруші түлектердің жұмыс орнынан анықтама алынуы керектігін айта келе, кадрларды даярлау бағыты бойынша түлектердің жұмысқа орналасуына қойылатын талаптарды таныстырып өтті:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы талаптарының 53-тармағына сәйкес

ЖЖОКБҰ кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіру жылы ішінде бітірушілердің кемінде 50%-ын жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді. Бұл ретте, ЖЖОКБҰ түлектеріне құрылған жұмыс орындарының санына мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді. Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда жоғары оқу орны бітірушілердің кемінде 50%-ын кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде бітіргеннен кейінгі екі

	жыл ішінде жұмысқа орналастыруды қамтамасыз етеді.
2. ЖЖОКБҰ-ның білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығы талаптарының 19-өлшемшартына сәйкес	Бакалавриат деңгейі бойынша түлектерді кадрларды даярлау бағыты бойынша жұмысқа орналастыру, бұл ретте бітірген жылы ішінде кадрлар даярлау бағыты бойынша түлектердің жалпы санына шаққанда жұмысқа орналастырылғандардың үлесі - кемінде 50%, оның ішінде кемінде 3 (үш) ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз етілуі – кемінде 50% («Педагогикалық ғылымдар», «Құқық» кадрларды даярлау бағыты үшін – кемінде 60%, «Денсаулық сақтау» кадрларды даярлау бағыты үшін – кемінде 80%). Бұл ретте жұмысқа орналастырылған түлектердің санына екінші жоғары білім беру бағдарламалары бойынша, күндізгі оқу нысаны бойынша, резидентурада немесе магистратурада немесе докторантурада оқуды жалғастырған, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарына әскери қызметке шақырылған түлектер, 3 (үш) жасқа толғанға дейін бала күтімі бойынша демалыста жүрген адамдар кіреді.
3. Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасы	2024 ж. - 82%

2023-2024 оқу жылында бітірген түлектер бойынша кафедра меңгерушілері білім беру бағдарламаларының бакалавриат және магистратура деңгейлері бойынша түлектердің жұмысқа орналасу мәліметін төмендегі кестеге сәйкес ұсынды:

Бакалавриат бойынша түлектердің жұмысқа орналасу мәліметі

Білім беру бағдарламалары	2024 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері					
	жалпы саны	жұмысқа орналасқандар	оқуын жалғастырғандар	әскерде /бала күтімінде/ мүгедек	шетел азаматтары	құжаттармен % -дық көрсеткіш
1. 6B01101-Педагогика және психология	14	6	2	/2/	1	10 / 76,9%
2. 6B01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	9	8		/1/	-	9 / 100%
3. 6B01303-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	38	21	8	/6/	-	35 / 92,1%
4. 6B01615-Тарих	12	7	2	-	-	9 / 75%
5. 6B03239-Журналистика	17	7	2		3	9 / 64,3%
Факультет бойынша	90	49	14	9	4	72 / 83,7%

Магистратура бойынша түлектердің жұмысқа орналасу мәліметі

Факультеттер	2024 жылғы түлектердің саны мен жұмысқа орналасуы туралы мәліметтері және көрсеткіштері								пайыздық көрсеткіш, %
	Жалпы саны	жұмысқа орналасқан	оқуын жалғастырған	әскерде	бала күтімінде	шетел азаматтары	мүгедектер	Жұмыссыздар	
1. 7M01101-Педагогика және психология	5	3			1			1	80%
2. 7M01202-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	2				2				100%
3. 7M01303-Бастауыш оқытудың	11	7			4				100%

педагогикасы мен әдістемесі									
4. 7M02210-Тарих	4	4							100%
Факультет бойынша	22	14			7			1	95%

Факультет түлектерінің жұмыспен қамтылу көрсеткіші 89,35 % құрады. Университеттің 2024-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес 2024 жылғы межелі көрсеткіш 82 %.

ШЕШІМ:

4. ББ түлектерінің жұмысқа орналасу нәтижесі назарға алынсын.

Мәжіліс төрағасы: 

Шалабаева Ж.

Мәжіліс хатшысы: 

Ақтайқызы Ж.